

Ресми рецензент Паржанов Жанибек Ануарбековичтің 8D08201 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындалуына ұсынылған Мұқанова Ляззат Балғабайқызының «Қылышық жүнді құйрықты қой тұқымдарын (еділбай х гиссар) шағылыстыру арқылы алынған бірінші үрпақтың өнімділік және биологиялық қасиеттері» диссертациялық жұмысына берілген жазбаша

ПКІРІ

Р/Н №	Өлшем шарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Укіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	Мұқанова Ляззат Балғабайқызының 8D08201 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертация ғылымның даму бағыттарына (мал шаруашылығы) сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін косады/қоспайды , ал оның	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, ал оның маңыздылығы диссертацияда жақсы

		маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	ашылған, яғни қойылған міндеттерге сәйкес әр түрлі генотиптердің алынған ұрпақтарының селекциялық белгілерінің фенотиптік және генотиптік өзгергіштігі, сондай-ақ олардың биологиялық ерекшеліктері зерттелген. Автордың жеке үлесі жұмыстың теориялық және эксперименттік бөлігін жүзеге асырудан, әдеби деректерді талдаудан тұрады. Авторғының нәтижелерді қорытындылаған және ғылыми жарияланымдар түрінде рәсімделген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган.	Диссертация жоғары деңгейде орындалған. Диссертациялық жұмыс талапқа сәйкес рәсімделген және жоғары деңгейде мемлекеттік тілде сауатты жазылған. Диссертация бойынша оның авторының жеке қатысуымен ауқымды ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүргізілген және ғылыми мақалалар Халықаралық және республикалық деңгейдегі басылымдарда жарық көрген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі жұмыста толық негізделген. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігінің ғылыми-тәжірибелік тұжырымдамасы (концепциясы) негізделген, диссертацияда келтірілген тараулар жұмыстың ғылыми және практикальқ нәтижелерін көрсетеді және олар ішкі біртұастық принципке ие,

		сонымен қатар алға койған мақсаттарға жету үшін, қажетті тапсырмалар мен міндеттерді шешуге, эксперименттерді жоспарлауға және жүргізуге, алынған нәтижелерді статистикалық өндөуге негізделген.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды: 1) <u>айқындаиды;</u> 2) ішінара айқындаиды; 3) айқындаамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен айқындаиды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына сәйкес келеді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық жағынан толық байланысқан. Барлық бөлімдері бір-бірімен тығыз байланысқан, шаруашылық және лабораториялық жағдайда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі рет ретімен баяндалып, қорытындыланған.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u>	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) осы уақытқа дейінге жүргізілген зерттеулермен салыстырылып, сынни талдау жасалып, зерттелген.

		2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Ғылыми деректер мен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ережелер толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Диссертация бойынша 13 қортынды жасалған Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдері ішінара жаңа және ғылыми деректерге негізделген болып табылады.</p>
6.	Негізгі негізділігі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u>	Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.

		(qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Корғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) <u>жоқ;</u> 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия;</u> 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> 4) бұл тұжырымда ереженің 	<p>7.1 Корғауға шығарылған барлық қағидаттар толық дәлелденген.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық қағидаттар тривиалді емес.</p> <p>7.3 Жаңа.</p> <p>7.4 Диссертация жұмыс аясында алынған нәтижелер кеңінен қолданылған.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелер шығарылған мақалаларда толық дәлелденген.</p>

		<p>қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ија</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ија</u>; 2) жоқ. <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ија</u>; 2) жоқ. <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен</p>	<p>Зерттеу әдіснамасын таңдау ғылыми тұрғыда негізделген және диссертацияның тиісті бөлімінде толықтай сипатталған. Диссертациялық жұмыста зерттеудің заманауи әдістері мен қатар зерттеудің жалпы қолданыстағы әдістері көлтірілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыста көлтірілген ғылыми ақпараттар мен нәтижелердің дәйектілігі ғылыми методологиялық және әдістемелік материалдармен, қолданылған заманауи құрал-жабдықтармен дәлелденген. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p> <p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен және өндірістік сынақтардың</p>

		<p>дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ.</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған.</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>актілерімен дәлелденген және расталған. Сондай-ақ, Тәжікстанның гиссар қой тұқымын жергілікті еділбай қой тұқымымен шағылыстырып, алынған үрпақ эксперимент негізінде дәлелденді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста нақты маңызды, ғылыми-тәжірибелік мәлімдемелер келтірілген және олар сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 157.</p>
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>; 2) жоқ.</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияның теориялық маңызы бар. Докторант алғаш рет Алматы облысы жағдайында еділбай және гиссар құйрықты қой тұқымдарын шағылыстыру арқылы алынған будан төлдердің өнімділік және биологиялық көрсеткішіне жан-жақты толық ғылыми-зерттеу жүргізген.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары және өндіріс үшін тәжірибелік жағынан өте құнды болып табылады. Докторанттың жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері практикада қолдану барысында ешқандай күмән тудырмайды.</p>

		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	Өндіріске ұсыныстар жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыс авторының еңбегіне ұқсас жазылған басқа авторлардың еңбектерін сілтемесіз пайдалану фактісі кездеспейді. Диссертациялық жұмыс жазу барысында академиялық адалдық сақталған.
11.	Диссертацияга ескертулер	<ol style="list-style-type: none"> 1.Диссертацияда қой суреттері көп келтірілген, олардың көбісін жұмыстың қосымша тарауында келтірген дұрыс болар еді; 2.Диссертациялық жұмыстың 5,12,18,29,25 кестелерінде зерттеу жүргізілген мал басының саны көрсетілмеген; 3.Диссертацияда орфографиялық және қазақ немесе басқа тілдерде келтірілген терминдерде қателіктер бар. 	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейінің мазмұны, құрылымы мен сапасы талаптарға сай жазылған. Диссертацияның нәтижелері бойынша 6 ғылыми жұмыс, соның ішінде Scopus деректер базасында индекстелетін рецензияланатын шетелдік ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР ФЖБМ-нің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарында 3 мақала, халықаралық конференциялардың материалдарында 2 мақала жарияланған.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Мұқанова Ляззат Балғабайқызының «Қылышқұ жүнді құйрықты қой тұқымдарын (еділбай х гиссар) шағылыстыру арқылы алынған бірінші ұрпақтың өнімділік және биологиялық қасиеттері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ҚР ФЖБМ	

		<p>Фылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәреже беру» қағидаларының 2-тармагында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін және 8D08201 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық ылайықты деп есептеймін.</p>
--	--	---

Ресми рецензент:

Аймақтық инновациялық университетінің Ғылыми жұмыстар және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Ж.А.Паржанов

Ж.А.Паржанов



Профессор Ж.А.Паржановтың қолын растаймын:

Ж.А.Паржанов

А.А.Ауелбекова

Персоналды басқару департаментінің басшысы

30. 04. 2025 ш